

2024 жылғы қаңтар-қыркүйектегі Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны


Жариялау күні: 11.11.2024
Келесі жариялау күні: 09.02.2025

1. Түйінді тұстар
2. Динамикалық кестелер
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстар

- 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте елге келгендер саны 20383 адамды, елден кеткендер саны 10201 адамды құрады. Көші-қон айырымы 10182 адамды құрады;
- 2023 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Қазақстанға келгендер саны 6,5%-ға өсті, Қазақстаннан кеткендер саны 19,9%-ға азайды;
- Елдің негізгі көші-қон алмасуы ТМД мемлекеттерімен жүреді. ТМД елдерінен келгендердің үлесі 79,7%, ал бұл елдерге кеткендердің үлесі 76,9% құрады.


Халықтың халықаралық көші-қоны




Электрондық кестелер

[2024 жылғы қаңтар-қыркүйек халықтың көші-қоны](#)

Жеке этникалық топтар бойынша сыртқы көші-қонның құрылымы, жалпы санына пайызбен



Халықтың өңіраралық көші-қоны



2023 жылымен тиісті кезеңмен салыстырғанда ел ішінде көшіп келушілер саны 47,4% өсті. Өңіраралық көші-қон бойынша еліміздің 4 өңірінде: Астана (52853 адам), Алматы (26157 адам), Шымкент (5948 адам) қалаларында және Алматы обласында (765 адам) халықтың көші-қонының оң айырымы қалыптасты.

2. Динамикалық кестелер

жылдар бойынша:

[Халықтың сыртқы көші-қоны](#)

[Елдер бойынша сыртқы көші-қон](#) [Жалпы көші-қон айырымы](#)

айлар бойынша:

[Халықтың жалпы көші-қон өсімі](#)

[Халықтың сыртқы көші-қоны](#) [Халықтың ішкі көші-қоны](#)

3. Глоссарий

Халықтың көші-қоны – тұрған жерін ауыстыруға байланысты қандайда болса өңірдің шекарасы арқылы адамдардың (көшіп-қонушылардың) орын ауыстыруы;

Келгендер саны – есепті кезеңде сырттан осы өңірге көшіп келген адамдар саны; Кеткендер саны – есепті кезеңде сыртқа осы өңірден көшіп кеткен адамдар саны;

Көші-қон айырымы – есепті кезеңде өңірге көшіп келгендер саны мен одан көшіп кеткендердің саны арасындағы айырмашылық.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Халықтың көші-қоны – тұрған жерін ауыстыруға байланысты қандайда болса өңірдің шекарасы арқылы адамдардың (көшіп-қонушылардың) орнаауыстыруы.

Ағымдағы статистикалық есепте шартты түрде келгендер мен кеткендердің саны жазылады, алайда мұнда келу және кету сандары туралы айтылып отыр.

Көші-қонның негізгі көрсеткіштері:

келгендер саны (келу);

кеткендер саны (кету);

көші-қон өсімі (немесе кемуі), көші-қон сальдосы, таза көші-қон.

Көші-қон қарқындылығының көрсеткіштері белгілі бір кезеңдегі халықтың жиынтығында тұрғылықты жерінің өзгеру жағдайларының жиілігін сипаттайды. Көші-қон қарқындылығының жалпы жылдық коэффициенттері көбінесе 1000 тұрғынға шаққанда қолданылады.

5. Пайдалы сілтемелер

[Халықтың көші-қонының негігі көрсеткіштерін есептеу әдістемесі](#) [Халықтың көші-қоны, сапа туралы есеп](#)

[Халықтың көші-қоны, Талдау Ақпараттық «Талдау» жүйесі](#)

Жауапты шығарушы:
Халық статистикасы
департаменті

Департамент директоры:
Н. Ханжігітов
Тел. +7 7172 749061

Орындаушы:
Ж. Айдарбекова Тел.
+7 7172 749540
E-mail: zhu.aidarbekova@aspіe.gov.kz

Мекенжайы:
010000, Астана қ.
Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 4
кіреберіс
